

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ 7M02201 – ТАРИХ

Міндетті компоненттер

ISE 501 5301. Тарихи зерттеулердегі және білім берудегі ақпараттық технологиялар. 5 ECTS

Таңдау компоненттері

FPNH 501/1. Қазақ халқының этногенезі мен этникалық тарихы. 5 ECTS

Пререквизиттер: GTF 5201 Ғылым тарихы мен философиясы

Пәннің мақсаты: магистранттарға қола дәуіріндегі тайпалардан бері қарай қазақ халқының шығу тегі, олардың жалпы даму эволюциясы, халық болып қалыптасуда зор роль атқарған ру-тайпалардың тарихы туралы терең білім беру

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Оқу курсына тарих мамандығы магистранттарына қазақ халықтарының этногенезі мен этникалық тарихын тереңдеп оқытуға негізделген. Магистранттарға қола дәуіріндегі тайпалардан бері қарай қазақ халқының шығу тегі, олардың жалпы даму эволюциясы, халық болып қалыптасуда зор роль атқарған ру-тайпалардың тарихы туралы терең білім алуға бар теориялық және методологиялық жағынан мүмкіндік жасау.

Күтілетін нәтижелер:

Білімі: Қазақ халқының құрылуының тарихи алғышарттарын зерттеу;

Меңгеруі: Қазақ халқының этногенезі мен этникалық тарихы туралы теориялық мәселелерді қарастыру;

Дағдысы: Пәнді оқу нәтижесінде магистранттар қазақтардың этногенезінің теориялық мәселелері мен қолданбалы аспектілеріне байланысты терминдерді біліп, қолдана алады.

Постреквизиттер: KZKT 5302 Қазақ зиялыларының қалыптасу тарихы

FPNH 501/2. XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ қоғамының әлеуметтік тарихы. 5 ECTS

Пререквизиттер: GTF 5201 Ғылым тарихы мен философиясы

Пәннің мақсаты: Қазақстанның ХҮІІІ-ХХ ғасырлар аралығындағы оқиғалар мен тарихи үдерістерін қазіргі заманғы тарих ғылымындағы әдістемелік тұрғы контекстінде жан-жақты талдау.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: ХҮІІІ -ХІХ ғасырдың басындағы Қазақ хандығының әлеуметтік жағыдайы. ХҮІІІ ғ. басындағы Қазақстан мен Ресей қатынастары. Қазақстанның Ресейге қосылуы. ХҮІІІ-ХІХ ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ қоғамы. Қазақстандағы саяси үрдістер. Кіші және Орта жүздердегі хандық биліктің жойылуы. Отаршылдыққа қарсы күрес. ХҮІІІ ғасырдағы Қазақстан мәдениеті. Қазақстанға Ресей әкімшілік-саяси жүйесінің енгізілуі. Қазақстанның оңтүстігіндегі Орта Азия хандарының саясаты. ХІХ ғасырдың бірінші жартысындағы ұлт-азаттық қозғалыстар. ХІХ ғасырдың 60-90 жж. Қазақстанға жаңа әкімшілік-саяси басқару жүйесінің енгізілуі. ХІХ ғ. екінші жартысындағы Қазақстан экономикасы.

Күтілетін нәтижелер:

Білімі: Қазақстанның жаңа заман тарихы бойынша тарихи деректер мен тарихнамалық мағлұматтар алады.

Меңгеруі: Тарихи зерттеудің әдіс-тәсілдері мен негізгі тарихи ақпараттарды талдау және түсіну арқылы жаңа білімді меңгеру.

Дағдысы: Қазақстан тарихы бойынша аналитикалық шолу жасай білуге үйренеді. Сыни тұрғыдан ойлау дағдасын қалыптастырады.

Постреквизиттер: KZKT 5302 Қазақ зиялыларының қалыптасу тарихы

FPNH 502/1. Қазақ хандығының құрылуы: тарихи деректер мен ғылыми зерттеулер. 5 ECTS

Пререквизиттер: КНЕЕТ 5205 Қазақ халқының этногенезі мен этникалық тарихы

Пәннің мақсаты: Қазақ хандығының құрылуы мен Қазақстан жерінде ХІҮ-ХҮ ғғ. әлеуметтік-экономикалық және этникалық-саяси өзгерістерді оқыту.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Бұл курста қазақ мемлекеттігінің тарихы, соның ішінде Қазақ хандығының тарихына қатысты деректерді талдап, дерек көздерінің мағынасы мен мәніне, деректік құндылығы мен маңыздылығына тоқталып, Қазақ хандығына қатысты бүгінгі таңда туындап отырған қазақ тарихшыларының зерттеулері қарастырылған.

Күтілетін нәтижелер:

Білімі: Қазақ хандығының тарихына қатысты деректерді талдап, дерек көздерінің мағынасы мен мәніне, деректік құндылығы мен маңыздылығын айқындау;

Меңгеруі: «Қазақ хандығының құрылуы: тарихи деректер мен ғылыми зерттеулер» пәні қазақ хандығының қалыптасуы мен құрылымын оқытады;

Дағдысы: Тарихи деректер мен ғылыми зерттеулерге сүйене отырып, дағдылырын қалыптастыру

Постреквизиттер: TDAM 5303 Тарихнама мен деректанудың әдіснамалық мәселелері

FPNH 502/2. Қазақ мемлекеттілігінің эволюциясы. 5 ECTS

Пререквизиттер: КНЕЕТ 5205 Қазақ халқының этногенезі мен этникалық тарихы

Пәннің мақсаты: Қазақ мемлекеттілігінің дамуын қазіргі тұрғыдан қарай отырып, оны дүниежүзілік тарихпен, Евразиялық контингент тарихымен, көшпелілер өркениетімен салыстыра отырып оқыту;

Пәннің қысқаша сипаттамасы: «Қазақ мемлекеттілігінің эволюциясы» атты оқу курсына пәннің негізгі міндеттері: халықтың тарихи жадын қалпына келтіру, ұлттық сана мен бірлікті қалыптастыру қарастырылады. Қазақ мемлекеттілігінің дамуын қазіргі тұрғыдан қарай отырып, оны дүниежүзілік тарихпен, Евразиялық контингент тарихымен, көшпелілер өркениетімен, түркі халықтарының тарихымен және Орталық Азия елдері тарихымен байланыстыра отырып оқыту.

Күтілетін нәтижелер:

Білімі: «Қазақ мемлекеттілігінің эволюциясы» пәнін оқу арқылы ұлттық сана мен бірлікті қалыптастырады;

Меңгеруі: Қазақ мемлекеттілігінің дамуын қазіргі тұрғыдан қарастыру;

Дағдысы: Тарихи деректер мен ғылыми зерттеулерге сүйене отырып, дағдылырын қалыптастыру;

Постреквизиттер: KZKT 5302 Қазақ зиялыларының қалыптасу тарихы

FPNH503/1. Әлемдік тарихи кеңістіктегі далалық өркениет. 5 ECTS

Пререквизиттер: КНЕЕТ 5205 Қазақ халқының этногенезі мен этникалық тарихы

Пәннің мақсаты: Әлемдік тарихи кеңістіктегі далалық өркениет негіздерін қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуының негізгі бағыттарын талдап-түсіндіру. Далалық өркениет негіздерінің формациялық және өркениеттік теорияларының айырмашылықтарын дұрыс түсініп, күнделікті зерттеу жұмысында қолдана білу.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Оқу курсына Еуразиялық кеңістікте жатқан Қазақстан ежелгі уақыттан бері Шығыс пен Батыс, Еуропа мен Азия өркениеттерінің арасын байланыстырушы буын қызметін оқыта отырып, тарихи-мәдени байланыстың далалық өркениеттегі түрік әлемі қытай, иран, славян, еуропалық мәдениеттермен өзара ықпалдастығын қарастырады.

Күтілетін нәтижелер:

Білімі: әлемдік тарихи кеңістіктегі далалық өркениет негіздерін қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуының негізгі бағыттарын талдап-түсіндіру және объективті түрде қарастыру.

Меңгеруі: оқытудың жаңа технологиялары бойынша магистранттардың өз бетімен жұмыс істеуін ұйымдастыру негізінде ғылыми-зерттеу, жобалық жұмыстар үшін деректерді талдай, жүйелей білу.

Дағдысы: Пәнді оқыту барысында оқылым, тыңдалым, айтылым, жазылым дағдыларын білу және түрлі тәсілдерді үйлестіру арқылы тақырыпты талдау дағдысын қалыптастыру.

Постреквизиттер: KZSAN 6301 Қазіргі заманғы саяси ағымдар негіздері

FPNH503/2. Тоталитаризм: тарих және қазіргі заман. 5 ECTS

Пререквизиттер: KHEET 5205 Қазақ халқының этногенезі мен этникалық тарихы

Пәннің мақсаты: Әлемде тоталитарлық жүйенің пайда болу себептері мен кезеңдері, Германия және КСРО мысалында тарихи негіздері және оларды жүзеге асыру жолдары, тоталитаризмнің қазіргі түрлері оқытылады;

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Оқу курсына магистранттар Сталиннің тұсында КСРО-да тоталитаризмнің қалыптасуының алғышарттарын, Қытайда Мао Цзэ-тунде, Солтүстік Кореяда Ким Ир Сен, Италия мен Германиядағы фашизмді зерттейді және басқару формаларын талдайды: 1) деспотизм, авторитаризм; 2) фашистік режим; 3) тоталитарлық режимнің идеологиялық бағыты. Тоталитарлық режимнің зардаптары және оның модернизацияланған түрлерін қарастырады.

Күтілетін нәтижелер:

Білімі: «Тоталитаризм: тарих және қазіргі заман» пәнін оқытуда қазақ қайраткерлерінің кеңестік тоталитаризмнің құрбаны болғанын айқындау;

Меңгеруі: Тоталитарлық режимдегі айырмашылықтар, әлемнің әртүрлі аймақтарындағы тоталитаризмнің дамуын салыстырмалы талдау, оның ерекшеліктері мен жою жолдарын меңгеру.

Дағдысы: Пәнді оқыту барысында оқылым, тыңдалым, айтылым, жазылым дағдыларын білу және түрлі тәсілдерді үйлестіру арқылы тақырыпты талдау дағдысын қалыптастыру.

Постреквизиттер: KZSAN 6301 Қазіргі заманғы саяси ағымдар негіздері

Таңдау компоненттері

НКТМР 502/1. Қазақстан Кеңес империясы құрамында: саяси-әлеуметтік қатынастары. 5 ECTS

Пререквизиттер: ККАТ 5205 XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ қоғамының әлеуметтік тарихы

Пәннің мақсаты: Кеңестік Қазақстанның тарихы. Қазан төңкерісі және Қазақстанның саяси өмірі. Азамат соғысы кезіндегі Қазақстан тарихын оқытады.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Ұлттық мемлекеттілікті қалыптастырудағы ұлт зиялыларының қызметі. «Алаш» қозғалысы. Кеңестік тоталитарлық Қазақстанның қалыптасуы: мәні, шаралары және салдары. Қазақстандағы жаңа экономикалық саясат. Кеңестік Қазақстанды «қайта құру» мәселелері.

Күтілетін нәтижелер:

Білімі: Жер мәселесі. Қазақстандағы ұжымдастыру және индустрияландыру жұмыстарының зерттелуін оқытады;

Меңгеруі: Қазақстандықтардың фашистік басқыншылықпен күресі: батырлар және шығындар. Әлеуметтік-экономикалық және рухани «тоқырау» кезеңдерін меңгереді;

Дағдысы: Қазақстан Кеңес империясы құрамында: саяси-әлеуметтік қатынастарының деректік нәтижелеріне сүйене отырып дағдыланады

Постреквизиттер: КТГПА 6301 Қазіргі идеологиялық және саяси ғылымның дамуы

НКТПР 502/2. Қазақ зиялыларының қалыптасу тарихы. 5 ECTS

Пререквизиттер: КНЕЕТ 5205 Қазақ халқының этногенезі мен этникалық тарихы

Пәннің мақсаты: Қазақ халқының тарихында орын алған ұлт зиялыларының тарихын оқу, меңгеру және тарихи оқиғаларды жаңа тарихи контексте талдау.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: XIX ғ. аяғы- XXғ. басындағы ұлт зиялыларының қалыптасуы мен алғашқы қадамдары. XX ғ. басындағы қазақ зиялылары арасында ұлттық - демографиялық идеялардың пайда болуы. Қазақ ұлт зиялыларының қоғамдағы міндеттері: өтіп жатқан саяси үрдістердің мән-маңызын бұқараға түсіндіру, оқу-ағарту жұмыстарын жүргізу, халықты жаңа мемлекет құруға жұмылдыру т.б. Ұлт зиялыларының білім беру мен мәдени өмірдегі және қазақ халқының ұлттық санасының қалыптасуындағы рөлі. Алаш қозғалысы тарихындағы Ә. Бөкейханов бастаған ұлт зиялыларының атқарған қызметтері мен Отан тарихында алатын орны. Ұлттық саяси элитаның тарихи тағдыры.

Күтілетін нәтижелер:

Білімі: Қазақ зиялыларының идеяларының, қазақ халқы үшін жасаған еңбектерін түсіндіру, салыстыру, талдау және қорытындылау

Меңгеруі: Деректерде анализ жасауда әдістеме жүйесін білу және оны тәжірибеде қолдану мүмкіндігі.

Дағдысы: Деректерді талдау, сыни анализ жасау және зерттеу жұмыстарын жүргізуге дағдылану.

Постреквизиттер: ОТЗВ 5303 Отандық тарихнаманың заманауи бағыттары

НКТПР 503/1. Тарихнама мен деректанудың әдіснамалық мәселелері. 5 ECTS

Пререквизиттер: КНКТДГЗ 5206. Қазақ хандығының құрылуы: тарихи деректер мен ғылыми зерттеулер

Пәннің мақсаты: Әртүрлі кезеңдердегі Әлем және Қазақстан тарих ғылымдарының даму тарихын зерттеу; оның дамуының өлшемдерін анықтау; әртүрлі көзқарастар бойынша түбегейлі шешімдерді айқындау.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Оқу курсына Қазақстандық тарих ғылымының дамуы, тарихи зерттеулердің сапасы мен тиімділігінің артуы, олардың қоғамдық дамудың әлеуметтік-саяси және мәдени-тәрбиелік мазмұнына, тарихнамалық зерттеулерге анықтама береді.

Күтілетін нәтижелер:

Білімі: Қазіргі заман тарихынан, көршілес жатқан елдердің тарихы мен тарихнамаларынан хабардар болу.

Меңгеруі: Тарихи зерттеудің әдіс-тәсілдері негізгі тарихи ақпараттарды талдау және түсіну.

Дағдысы: Зерттеп отырған мәселе бойынша өзінің жеке бағдарын айқындауға дағдыландыру

Постреквизиттер: КТГПА 6302. Қазіргі тарихи ғылымдағы пәнаралық әдістер

НКТПР 503/2. Отандық тарихнаманың заманауи бағыттары. 5 ECTS

Пререквизиттер: КМЕ 5206. Қазақ мемлекеттілігінің эволюциясы

Пәннің мақсаты: Деректанудың теориялық проблемаларын меңгеру, Отандық тарихнаманың заманауи бағыттарын дерек көзі ретінде талдау жасай отырып, нақты қолданбалы мәселелерді пайдалану.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Отандық тарихнаманың заманауи кезеңдерін анықтау; ежелгі және ортағасырлық тарихи білімнің даму деңгейін көрсету; Қазақстан тарихын зерттеуде ХҮІІІ-ХІХ ғасырлардағы орыстық тарихи ой мектебінің негізгі бағыттарының

мазмұнын ашу; кеңестік тоталитарлық жүйе кезеңіндегі тарих ғылымының даму ерекшеліктерін анықтау.

Күтілетін нәтижелер:

Білімі: Келешек тарихшы – зерттеушілер ретінде магистрлар ғылыми зерттеу ісінің методологиялық, теориялық және нақты зерттеу объектілерін қолдана білу;

Меңгеруі: Отандық тарихнаманың тарихының дерек көзі ретінде пәнге маңызды талдау жасау

Дағдысы: Зерттеп отырған мәселе бойынша өзінің жеке бағдарын айқындауға дағдыландыру.

Постреквизиттер: KZSAN 6301. Қазіргі заманғы саяси ағымдар негіздері

НКТПР 504/1. Ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыру және жоспарлау. 5 ECTS

Пререквизиттер: КНКТДГЗ 5206. Қазақ хандығының құрылуы: тарихи деректер мен ғылыми зерттеулер

Пәннің мақсаты: Оқу курсына ғылыми шығармашылықтың жалпы методикасы қарастырады. Сондай-ақ, бұл пән магистранттардың диссертация тақырыбын таңдап алғаннан бастап, олардың ізденіс жолдарына, жұмыстың жазылуы мен өңделуіне бағыт-бағдар беретін пән болып табылады.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Ғылыми-зерттеу ісін өзіндік түрде жүргізуге баулу. Жаһандану, ғылыми-техникалық прогресс, ақпараттық төңкеріс білім деңгейінің көтерілуін, мамандар біліктілігінің үздіксіз дамуын қажет етеді. Сондықтан жоғарғы оқу орнынан кейінгі оқуды жалғастырушыларға магистрлік диссертация жазудағы ғылыми-ізденіс технологиясын үйрету, сауатты мамандар даярлау бүгінгі күннің басты міндеті болып отыр. Аталған арнаулы курс магистранттардың шығармашылық қызметінің сапалы әрі дұрыс ой қорыту мен ғылыми тұжырымдар жасауына бағыт-бағдар береді.

Күтілетін нәтижелер:

Білімі: ғылыми-әдістемелік білімді және халықаралық еңбек нарығының талаптарына бейімделуін, шығармашылық потенциалын дамыту.

Меңгеруі: оқытудың жаңа технологиялары бойынша магистранттардың өз бетімен жұмыс істеуін ұйымдастыру негізінде ғылыми-зерттеу, жобалық жұмыстар үшін деректерді талдай, жүйелей білу.

Дағдысы: пәнді оқыту барысында оқылым, тыңдалым, айтылым, жазылым дағдыларын білу және түрлі тәсілдерді үйлестіру арқылы тақырыпты талдау дағдысын қалыптастыру.

Постреквизиттер: КТГРПА 6302. Қазіргі тарихи ғылымдағы пәнаралық әдістер

НКТПР 504/2. Ғылымдағы концептуализация мәселелер. 5 ECTS

Пререквизиттер: КНКТДГЗ 5206. Қазақ хандығының құрылуы: тарихи деректер мен ғылыми зерттеулер

Пәннің мақсаты: Ғылымның анықтамасын және ғылымның әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде әр түрлі анықтамаларын беру. Ғылымның пәнін және нақты ғылымдардың пәндерін көрсету. Ғылымның қызметтері: мәдениетке қарастық, әлеуметтік, өндіріс күш ретінде көрсету. Ғылымды зерделеуде әр жақтың эволюциясына шолу.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Оқу курсына жеке тұлғалық концептілер; адамдардың жас ерекшеліктеріне байланысты концептілер; жалпыұлттық концептілер оқытылады. Ғылымдағы концептуализация мәселелері жан-жақты қарастырылып, Л.Л.Нелюбиннің, М.Күштаева, Д.С.Лихачев пен В.В.Колесов еңбектеріне талдау жасалынады.

Күтілетін нәтижелер:

Білімі: Ғылым тарихы магистрлердің магистрлік диссертациясын дайындау және ғылыми-жұмысының жоғары деңгейіне жеткізетін білімнің маңызды компонентіне сипаттама беру;

Меңгеруі: Ғылым және нақты ғылымдардың тарихы ғылымның даму динамикасын, оның қоғамның дамуына әсерін ұғыну үшін меңгереді;

Дағдысы: Ғылым методологиясы магистрантқа қазіргі ғылым мәселелері мен методологиялық негіздерін түсінуге мүмкіндік береді, әдіс теориясымен, яғни қағидаларымен, жолдарымен, тәсілдермен, ғылыми іс-әрекетін әдістерімен дағдыланады.

Постреквизиттер: КТГРА 6302. Қазіргі тарихи ғылымдағы пәнаралық әдістер

Таңдау компоненттері

НКТПР 601/1. Қазіргі заманғы саяси ағымдар негіздері. 5 ECTS

Пререквизиттер: ОТЗВ 5303. Отандық тарихнаманың заманауи бағыттары

Пәннің мақсаты: ұсынылып отырған курсты оқытуда саяси ағымдар тарихының өзекті мәселелерін өз алдына саяси-тарихи негіз ретінде түсіндіру. Саяси қозғалыстардың құрылысы мен саяси тәжірибесі, доктринасы, теориясы, даму жүйесі, минталитеті және саяси бағытымен таныстыру.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Қазіргі идеологиялық және саяси үрдістер, олар белгілі бір саяси идеологияның доктриналарына негізделген. Теориялық және насихаттау (саясат) аясында саяси партиялардың қазіргі заманғы бағдарламаларының теориялық негізі болып табылатын бірнеше тамаша идеологиялық және саяси үрдістер байқалды. Олардың басты ағымына: либерализм, консерватизм, ұлтшылдық, марксизм, фашизм, пацифизм және тағы басқалар туралы мағлұмат беру.

Күтілетін нәтижелер:

Білімі: қазіргі көзқарас бойынша саяси ағымдардың өзекті мәселелерін үйрету, қазіргі саяси ағымдардың құрылымының ерекшеліктерін, саяси құрылымдар мен саяси партиялар жүйесін білу.

Меңгеруі: тарихи фактілерді өте жақсы меңгере отырып, қазіргі кездегі саяси ағымдардың тарихына дұрыс бағдар жасай білу, кез-келген аймақтық өзгерістерге және қоғамдық өмірге қатысты фактіге анализ жасап, іріктеп, тексеру.

Дағдысы: пәнді оқыту барысында оқылым, тыңдалым, айтылым, жазылым дағдыларын білу және түрлі тәсілдерді үйлестіру арқылы тақырыпты талдау дағдысын қалыптастыру.

Постреквизиттер: ТОКТМА 6303. Тарихты оқытудағы қолданбалы технология: методологиясы және әдістері

НКТПР 601/2. Қазіргі идеологиялық және саяси ғылымның дамуы. 5 ECTS

Пререквизиттер: ОТЗВ 5303. Отандық тарихнаманың заманауи бағыттары

Пәннің мақсаты: ұсынылып отырған курсты оқытуда саяси ағымдар тарихының өзекті мәселелерін өз алдына саяси-тарихи негіз ретінде түсіндіру. Саяси қозғалыстардың құрылысы мен саяси тәжірибесі, доктринасы, теориясы, даму жүйесі, минталитеті және саяси бағытымен таныстыру.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: оқу курсына «Қазіргі заманғы саяси идеялар» ұғымы саяси көзқарастар, теориялар, тұжырымдамалар және саяси қызмет, мемлекет пен саяси билікке деген көзқарастар қарастырылады. Саяси идеялардың қоғамдық өмірдегі орнын объективті бағалау үшін, оларды әлемнің әлеуметтік-экономикалық дамуы тұрғысынан қарастырылып, ол өзгертін шындықтың динамизмін ескереді. Саяси идеялардың заманауи кезеңін түсінуге байланысты дамыған және жаңалықтары бар жаңа дәстүрге негізделген ақпараттармен таныстыру.

Күтілетін нәтижелер:

Білімі: қазіргі көзқарас бойынша саяси ағымдардың өзекті мәселелерін үйрету, қазіргі саяси ағымдардың құрылымының ерекшеліктерін, саяси құрылымдар мен саяси партиялар жүйесін білу.

Меңгеруі: тарихи фактілерді өте жақсы меңгере отырып, қазіргі кездегі саяси ағымдардың тарихына дұрыс бағдар жасай білу, кез-келген аймақтық өзгерістерге және қоғамдық өмірге қатысты фактіге анализ жасап, іріктеп, тексеру.

Дағдысы: пәнді оқыту барысында оқылым, тыңдалым, айтылым, жазылым дағдыларын білу және түрлі тәсілдерді үйлестіру арқылы тақырыпты талдау дағдысын қалыптастыру.
Постреквизиттер: ТОКТМА 6303. Тарихты оқытудағы қолданбалы технология: методологиясы және әдістері

НКТМР 602/1. Қазіргі тарихи ғылымдағы пәнаралық әдістер. 6 ECTS

Пререквизиттер: TZhBBAT 5301. Тарихи зерттеулердегі және білім берудегі ақпараттық технологиялар

Пәннің мақсаты: Қазіргі заманғы тарихи ғылымдардың қалыптасуы мен даму ерекшеліктеріне тоқталу

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Оқу курсына қазіргі заманғы тарихи ғылымдағы пәндердің арасында тығыз байланыс туралы оқытылады. Бұл біздің заманымыздың сипатты көріністерінің бірі, білімнің әлеуметтік және саяси интеграциясы. Көпжақтылы ұғымда пәнаралықтың бірпәнділіктен айырмашылығы оның әртүрлі пәндер, білім салалары арасында өзара әрекет етуі түрінде түсіндіріледі.

Күтілетін нәтижелер:

Білімі: Тарихи-әдістемелік білімді және халықаралық еңбек нарығының талаптарына бейімделуін, шығармашылық потенциалын дамыту;

Меңгеруі: кәсіби білімі бар, парасатты маман даярлау;

Дағдысы: Ғылыми зерттеу жаңалығын анықтауға, сараптауға үйрету;

Постреквизиттер: ТОКТМА 6303. Тарихты оқытудағы қолданбалы технология: методологиясы және әдістері

НКТМР 602/2. Тарихшылар үшін ақпараттық технологиялар. 6 ECTS

Пререквизиттер: TZhBBAT 5301. Тарихи зерттеулердегі және білім берудегі ақпараттық технологиялар

Пәннің мақсаты: Тарих пәнінің технологиялары пәні магистрлердің педагогикалық біліктілігін арттыру мақсатында оқытылады.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Оқу курсына оқытушылық кәсіпке дайындаудың құрамдас бөлігін қарастырады. Бұл пәнді оқу барысында болашақ оқытушылар тарихты оқытудың мақсаты мен міндеттері, тиімді түрлері мен әдістерін меңгереді.

Күтілетін нәтижелер:

Білімі: Интербелсенді әдістерді сабақта қолдана отырып, білімдерін дамыту

Меңгеруі: Оқытуда жаңа технологиялық әдістерді қолдана отырып, шеберлігін арттыру;

Дағдысы: Әдістемелік негізге сүйене отырып, тәжірибелік және теориялық білімдерін қалыптастыру

Постреквизиттер: ТОКТМА 6303. Тарихты оқытудағы қолданбалы технология: методологиясы және әдістері

CIS 603/1. Тарихты оқытудағы қолданбалы технология: методологиясы және әдістері. 6 ECTS

Пререквизиттер: TZhBBAT 5301. Тарихи зерттеулердегі және білім берудегі ақпараттық технологиялар

Пәннің мақсаты: Ұсынылған курс тарихшылардың болашақ мұғалімдерін тарихи ғылымдағы әр түрлі әдіснамалық тәсілдермен, зерттеу принциптерімен, математикалық және компьютерлендіру процестерімен, тарихи білімнің қағидаларын, әдістерін және тәжірибеде тарихи шығармашылықтың жаңа технологияларын қолдануға үйрету үшін арналған.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Тарихты оқыту үрдісінің тұрақтылығы оның мазмұнының тиімділігін арттыру мақсаты қарастырылады. Пән тарихшылардың заманауи тұжырымдамалары мен әдістемелік жұмыстарына негізделген.

Күтілетін нәтижелер:

Білімі: магистрлердің білім деңгейін көтеру, сабақта интерактивтік әдістерді қолдану. Тарихты оқытуда

мультимедиялық білім беру технологиялары әдістемесі магистранттың педагогикалық біліктілігін арттырады.

Меңгеруі: Жаңа технологияларды пайдалану арқылы магистрлердің өз бетімен жұмыс істеуін ұйымдастыру

нәтижесінде тапсырылған істі орындаудағы жауапкершілік сезім, еңбексүйгіштік, табандылық, ұйымшылдық, бір-біріне деген жолдастық көмек қалыптасады.

Дағдысы: қазіргі қоғамның және мемлекеттің мәселелерін болжауда, талдауда тұтастық тұрғыдан келу дағдыларын;

қазіргі заманауи мәселерге сараптама жасау.

Постреквизиттер: TGA 6304. Тарих ғылымдарының әдіснамасы

CIS 603/2. Тарихи білімдегі инновация. 6 ECTS

Пререквизиттер: TZhBBAT 5301. Тарихи зерттеулердегі және білім берудегі ақпараттық технологиялар

Пәннің мақсаты: Ақпараттарды іздестіруді, жинақтауды және өндеуді, зерттеу жұмыстарының нәтижелерін шығаруды үйрену.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Ғылыми таным теориясы, ғылыми зерттеу теориясы, ғылыми шығармашылық

методологиясы, ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру, теория және әдіс ұғымы, ғылыми экспериментті ұйымдастыру,

ғылыми зерттеу аппаратының мазмұны, ғылыми проблеманы сараптау мен бағалау.

Күтілетін нәтижелер:

Білімі: Магистрлерге қазіргі заманғы ғылыми зерттеу әдістерді оқыту, қазіргі таңдағы жетістіктері, соңғы нәтижелері туралы мағұлмат алу.

Меңгеруі: Қазіргі заманғы ғылыми зерттеу әдістерді игеру арқылы оны еңбекте пайдалана алу дағдысы

Дағдысы: Пәнді оқу арқылы магистрант алған білімін ғылыми зерттеу әдістерді бағалауға, дамытуға және

қайшылықты жағдайды шешуге дағдыланады.

Постреквизиттер: TGA 6304. Тарих ғылымдарының әдіснамасы

CIS 604/1. Тарих ғылымдарының әдіснамасы. 6 ECTS

Пререквизиттер: TZhBBAT 5301. Тарихи зерттеулердегі және білім берудегі ақпараттық технологиялар

Пәннің мақсаты: Тарих ғылымдарының әдіснамасы» магистранттардың тарихи танымның жалпы ғылымдық әдістерін, қағидаларын және тәсілдерін оқытады.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Ұсынылып отырған оқу бағдарламасы болашақ тарихшы оқытушыларды әр түрлі методологиялық бағыттар, зерттеу принциптерімен, тарих ғылымындағы математикаландыру мен компьютерлендіру процестерімен қаруландыруға, тарихи таным қағидаларын, тарихи шығармашылықтың әдістері мен жаңа технологияларын іс жүзінде қолдануды үйретуге бағытталған. Оның негізіне қазіргі заманғы тұжырымдамалар мен тарихшы ғалымдардың методологиялық еңбектері алынған.

Күтілетін нәтижелер:

Білімі: Тарих ғылымдарының әдіснамасы тарихи зерттеудің әдістері мен жаңа технологияларын іс жүзінде қолдануды үйретуге бағытталған;

Меңгеруі: Нақтылы тарихи материалдарды методологиялық талдау арқылы игеру;

Дағдысы: Тарихи процестердің объективті заңдылығын ашуға дағдылану;

Постреквизиттер: жоқ

CIS 604/2. Қазіргі кезеңдегі тарих ғылымының дамуы. 6 ECTS

Пререквизиттер: TZhBBAT 5301. Тарихи зерттеулердегі және білім берудегі ақпараттық технологиялар

Пәннің мақсаты: Қазіргі кезеңдегі тарих ғылымының дамуы оқу курсына Тәуелсіздік Қазақстан тарихы кезеңінен бастап, қазіргі кезеңдегі отандық тарих ғылымының дамуы мәселелері қарастырылады. Кеңестік социализмнің дағдарысы және КСРО-ның ыдырауын; Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасу үрдісін; Қазақстанның ішкі және сыртқы саяси қызметі оқытылады.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: : Қазіргі кезеңдегі тарих ғылымының дамуының мақсатын, мазмұнын және оның тиімділігін көтеру мақсатында тарихты оқыту процесінің заңдылығын қарастырады.

Күтілетін нәтижелер:

Білімі: Қазіргі кезеңдегі тарих ғылымының дамуы пәні магистрлердің педагогикалық біліктілігін анықтау арқылы оқытады. Интербелсенді әдістерді сабақта қолдана отырып, білімдерін дамыту

Меңгеруі: Оқытуда жаңа технологиялық әдістерді қолдана отырып, шебер қолдануды қамту

Дағдысы: Әдістемелік негізге сүйене отырып, тәжірибелік және теориялық білімдерін қалыптастыру

Постреквизиттер: жоқ